

«Аяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

Семинар тақырыбы:
**«Фонематикалық қабылдауды дамыту –
сөйлеудің кілті»**

Педагог-логопед: Укасова М.М.

2025-2026 оқу жылы

СЕМИНАР ЖОСПАРЫ

Тақырыбы: «Фонематикалық қабылдауды дамыту – сөйлеудің кілті»

Мақсаты: Тәрбиешілер мен мамандарға фонематикалық қабылдауды дамыту әдістерін үйрету және оны сөйлеу тілін қалыптастыруда тиімді қолдану жолдарын көрсету.

Кіріспе бөлім

Қатысушыларды қарсы алу

Семинар тақырыбы мен мақсатын таныстыру

Күтілетін нәтиже

Фонематикалық қабылдау – дыбыстарды естіп, ажырату, салыстыру қабілеті екені түсіндіріледі.

Теориялық бөлім

Фонематикалық қабылдау деген не?

Дыбысты есту және ажырату

Ұқсас дыбыстарды салыстыру (с–ш, б–п)

Дыбыстың сөздегі орнын анықтау

Маңызы:

Дұрыс дыбыстау қалыптасады

Сауатты жазуға негіз болады

Сөйлеудің анықтылығы артады

Практикалық бөлім

1. «Дыбысты тап» ойыны

Тәрбиеші дыбыс айтады, балалар сол дыбыстан басталатын сөзді табады.

2. «Қай дыбыс өзгерді?»

Мысалы: *тас – бас, шар – сар*

Балалар айырмашылықты анықтайды.

3. «Сөзді буынға бөл»

Балалар сөзді буынға бөліп, қол шапалақтайды.

4. «Сөздегі дыбыстың орнын тап»

Дыбыс сөздің басында ма, ортасында ма, соңында ма – анықтайды.

Талқылау бөлімі

Қатысушылармен пікір алмасу

Қиындықтарды талқылау

Тәжірибе бөлісу

Қорытынды

Фонематикалық қабылдауды дамыту – баланың дұрыс сөйлеуінің және сауатты жазуының негізі. Жүйелі ойындар мен жаттығулар арқылы бұл қабілетті тиімді дамытуға болады.

Ұсыныстар:

Күнделікті қысқа ойындар ұйымдастыру

Дыбыстарды жүйелі қайталау

Әр баланың деңгейін ескеру

Логопедпен бірлескен жұмыс жүргізу

Анықтама

Тақырыбы: «Дыбыстарды бекіту мен байланыстырып сөйлеуді дамыту жолдары»

Өткізу күні: 25.12.2025ж. _____

Қатысушылар: Тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Дыбыстарды дұрыс айту және бекіту жолдары
2. Байланыстырып сөйлеуді дамыту әдістері
3. Практикалық жаттығулар мен ойындар көрсету
4. Сұрақ-жауап

Тындалды:

Жауапты маман тәрбиешілерге балалардың дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастырудың маңыздылығын түсіндірді. Артикуляциялық жаттығулардың түрлері («Ат шауып келеді», «Сағат», «Кесе») көрсетіліп, оларды күнделікті қолдану қажеттілігі айтылды.

Сонымен қатар байланыстырып сөйлеуді дамытуда сурет бойынша әңгіме құрау, сұрақ-жауап әдісі және рөлдік ойындардың тиімділігі түсіндірілді. Балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін ойын технологияларын қолдану ұсынылды.

Талқыланды:

Тәрбиешілер тарапынан дыбыстарды бекіту кезінде балалардың қызығушылығын арттыру, сөйлеуге ынталандыру жолдары туралы сұрақтар қойылды. Кейбір балаларда дыбыстарды айтудағы қиындықтар мен сөйлем құраудағы қиындықтар талқыланды.

Маман әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, жүйелі және бірізді жұмыс жүргізу керектігін атап өтті.

Қаулы қабылданды:

1. Артикуляциялық жаттығуларды күнделікті ұйымдастыру
2. Дыбыстарды буын, сөз, сөйлем деңгейінде бекіту
3. Сурет бойынша әңгіме құрауды жүйелі қолдану
4. Рөлдік ойындарды оқу іс-әрекетіне енгізу
5. Балалардың сөйлеуін дамытуда ойын әдістерін кеңінен пайдалану
6. Қажет болған жағдайда логопедпен бірлесіп жұмыс жүргізу

Педагог-логопед: Укасова М.М.